

**"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 1336 қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"  
Қазақстан Республикасының Заңы**

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы N 2828 заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 182-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 21, 787-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат):

1) 1-баптың 1) тармақшасында "техникалық" деген сөз "өнеркәсіптік" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 45-1-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы "және өнеркәсіптік қауіпсіздік" деген сөздермен толықтырылсын;

3)                      5 4 - б а п т а :

3-тармақта "техникалық" деген сөз "өнеркәсіптік" деген сөзбен ауыстырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

3) тармақша "талаптары" деген сөзден кейін "өнеркәсіптік" деген сөзбен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

5) тармақша "қамтамасыз ету" деген сөздерден кейін "өнеркәсіптік қауіпсіздіктің" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақ алып тасталсын.

2. "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" 1996 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 11-12, 263-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 4, 101-құжат; 2000 ж., N 6, 145-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат):

1 ) 1 - б а п т а :

бесінші абзацта "жарияланған" деген сөз "болған" деген сөзбен ауыстырылсын;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар таралу ауқымына және келтірген нұқсанның көлеміне қарай объектілі, жергілікті, аймақтық және барынша а у қ ы м д ы б о л ы п б ө л і н е д і " ;

жетінші, сегізінші, тоғызыншы және оныншы абзацтары алып тасталсын;

2 ) 1 0 - б а п т а :

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"төтенше жағдайлардың жіктелуін белгілейді";

он төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"табиғи және техногендік сипаттағы барынша ауқымды төтенше жағдайлардың зардаптарын жою туралы шешім қабылдайды";

он бесінші абзац алып тасталсын;

3) 13-баптың тоғызыншы абзацы алып тасталсын;

4) 19-бап алып тасталсын;

5) 20-бап мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Төтенше жағдайлар аймағының шекараларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстардың басшылары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген төтенше жағдайларды жіктеу негізінде анықтайды " ;

6) 24-бап алып тасталсын.

3. "Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы" 1997 жылғы 27 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 6, 69-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; 2000 ж., N 8 , 1 8 7 - қ ұ ж а т ) :

1) 1-баптың оныншы абзацында "технологиясы мен авариялық сипаты жөнінен ерекше қауіпті өндірістерге" деген сөздер "қауіпті өндірістік объектілерге" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 ) 7 - б а п т а :

1-тармақтың екінші және үшінші абзацтарында "өртке қарсы," деген сөздерден

кейін ", суда құтқару," деген сөздермен толықтырылсын;  
мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Кәсіби авариялық-құтқару құрамалары Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен нормалар бойынша арнаулы техникамен, жабдықтармен, құралдармен, барлық керек-жарақтармен, аспаптармен және материалдармен қамтамасыз етіледі.

5. Жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша Құтқару қызметтері құрылуы мүмкін, олардың ұжымдық-құқықтық нысаны мен қызметін ұйымдастыру ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3) 17-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстардың басшысының өкілеттігін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді";

4 ) 2 3 - б а п т а :

2 - т а р м а қ :

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"қызметтік іздестіру иттерін қолдануға";

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Кәсіби авариялық-құтқару қызметтерінің кинологиялық қызметтерін жабдықтармен, құралдармен қамтамасыз етудің және қызметтік іздестіру иттерін тамақтандырудың нормаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді";

5-тармақта "тармақпен" деген сөз "тамақтық азық-түлікпен" деген сөздермен ауыстырылсын.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*